

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	3
<b>I БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ 12 ЖЫЛДЫҚҚА ӨТУ МӘСЛЕПЕСІНІҢ МАЗМҰНЫ</b> .....	5
1.1. 12 жылдық білім беру мақсаты.....	5
1.2. Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы.....	10
1.3. 12 жылдық білім берудің мақсаты мен күтілетін нәтижелері.....	13
<b>II БӨЛІМ. АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА 12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЭКСПЕРИМЕНТІНІҢ БАСТАЛУЫН ТАЛДАУ</b> .....	18
2.1. Білім беру жүйесінің жай-күйін талдау.....	18
2.2. Алматы қаласында 12 жылдық білім беру эксперименті.....	22
2.3. Тәжірибелік-эксперименталдық жұмыстың нәтижесі.....	24
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	26
<b>ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	29
<b>ҚОСЫМША</b> .....	30

## КІРІСПЕ

**Курстың маңыстығы мен өзектілігі:** Ертеңгі күннің бүтінгі күннен асып түсуіне кепіл етіп, адамзат қоғамын алға қарай жетелеуші құрметті күш тек білімге ғана тиіледі. Білім беруге заман талабы тұрғысынан жеке тұлғаны дамытудағы қоғамның рухани және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда білім беру саласы – баса назар аударарлық мәселе.

XXI ғасырда еліміздің болашағын алға қарай жетелеуші ұрпаққа білім беруді қамтамасыз ететін жалпы және орта білім беру саласына түбегейлі өзгеріс, яғни 12 жылдық жалпы және орта білім беру жүйесін енгізу – баса назар аударарлық мәселе. Осы мектептің негізінде білім беру мерзімін 12 жылға ұзартуды психологиялық және физиологиялық тұрғыда болады. Біздің қоғамымыздың саяси және әлеуметтік-экономикалық құрылымындағы қайта құрулар алдыңғы қатарға қалыңға білім беру жүйесіне қойылатын жаңа талаптарды тудырды.

XXI ғасыр мектебінің маңызды мақсаты балаларды оқытудың барысында олардың түрлі салада жетілікті түрде күрделі білімдерді, көлемдер мен дағдыларды игеруді талап ететін олардың одан кейінгі оқуына толыққанды негіз бола алатын психикалық дамуының ерекшеліктерін анықтау болып табылады.

Сондықтан, көздеген мақсатымызға жету үшін 12 жылдық білім беру жүйесін енгізген болатын. Ал 12 жылдық білім беру жүйесі бойынша бастауыш сыныпқа оқушыларды қабылдау мәселесі теория әрі тәжірибе жүзінде талдау мен енгізу мәселесі көптеген уақытты талап етеді.

Баланың жеке басын жан - жақты дамыту мен мектепке даярлау ісі бүтінгі таңда білім беру саласындағы аса маңызды. Жалпы білім беретін мектептерде 1-сыныпқа қабылданған оқушылардың оқу жүйесінде айтарлықтай қиыншылықтарға кезігеді. Алғаш баланы мектепке берерде оның биологиялық жасы мен мектепке психологиялық даярлығының көрсеткішін өлшеп шығару - бүтінгі күн талабы. Бастауыш сынып оқушының жаңа ортаға түсуіне байланысты көңіл - күйінің сипаты, сынып сабақтық жүйеге қаншалықты тезімді оның еріктік қасиеттері, жазбаша білімдерді игерудегі таным процестерінің даму деңгейлері тексеріле бермейді. Сондықтан баланың мектептегі оқу жүйесіне педагогикалық - психологиялық тұрғыдан әлі де толық қарастырылып, талдануы тиіс.

Мектепке жаңадан келген бала даралық сапаларымен таныпта отырып, бір ортаға бейімделу кезеңін бастап көшіреді. Бұл жолдағы қиындықтар, яғни баланың құрдастарымен, сабаққа көзқарасы, өзіндік сана сезімі, аял табысуы, сөйлеу ерекшелігі, түсіну, ұғыну деңгейлері – осының бәрі бала психикасына едәуір әсер етеді. Мұғалімге оқушының жай-күйін бақылап, жаңа ортаға баулу үшін оқушылардың психикалық ерекшеліктері туралы алғашқы деректер өте қажет. Бұл деректер баланың мектептегі оқуға психологиялық тұрғыдан даярлығын анықтау барысында алынады. Ал психологиялық даярлықты анықтау ісін арнайы маман - психодиагност немесе психолог жүргізуі керек.

Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының тұрғылық психикалық дамуының диагностикасын анықтап алудың жалпы теориялық және практикалық жүзіндегі тиімділігін зерттеу тұрғыда негіздеу қажет.

Халыққа білім беру мекемелерінде жұмыс істейтін тәжірибелі психологтар балалардың мектепке оқуға психологиялық дайындығын анықтау мәселесімен жиі кездеседі. Сонымен бірге, әр психолог өзінің шамасына, теориялық қалауларына және мүлкіндіктеріне қарай 12 жылдық білім беру жүйесі бойынша енгізілген мектепке бастауыш сынып оқушыларын қабылдауда психологиялық ерекшеліктеріне байланысты қабылдауда.

Қоғамымыздың әлеуметтік – экономикалық және саяси құрылымының түпкілікті жаңаруына байланысты бірінші міндет халықтық білім жүйесін жаңаша тұжырымдама жасап жаңаша талап қояды қажет етеді. Мектептердегі нақты міндеттердің бірі білім беру кезеңінде балалардың психологиялық деңгейінің дамуын, олардың әрі қарай білім алу, күрделі білімді жеткілікті қабылдау, әр салада болсын біліктерін жетілдіру негізінде, еліміздегі үздіксіз білім беру саласының 12- жылдық білім беру жүйесіне өтуі ғылым, білім саласында үлкен жаңалық болып табылады. Халықтық білім беру ордасындағы психолог- мамандар күнделікті өмірде баланың мектептегі оқуға психологиялық дайындығын анықтап, 12- жылдық білім беру жүйесі енгізілген мектептерге қабылдаудағы психологиялық ерекшеліктерін анықтау мәселелерімен жиі кездеседі. Осыған байланысты әр психолог өзінің жетік білім деңгейіне, біліктілігіне байланысты баланың мектепке дайындығын әртүрлі әдістемелік тәсілдерді пайдалана отырып анықтайды. Сондықтан да Қазақстандағы педагогикалық психология ғылымының осындай көкейкесті мәселелерін ескере отырып Қазіргі таңда ұлт мектептеріне қабылдаудағы бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін анықтап, сипаттап береміз.

**Курстық жұмыстың мақсаты:** 12 жылдық білім беру жүйесін зерттеп талдау.

**Зерттеу пәні:** мектепке дайындық компоненттері

**Зерттеу болжамы:** 12 жылдық мектепке бастауыш сынып оқушыларын қабылдау үшін даярлық компоненттерін айқындалды.

**Курстық жұмыстың міндеттері:**

- білім беру жүйесіндегі 12 жылдыққа өту мәселесінің мазмұнын зерттеу;

- алматы қаласында 12 жылдық білім беру экспериментінің басталуын талдау.

Экспериментальды жұмысымызды жүзеге асыру барысында зерттемелік алаң № 7, 9, 18, 44 орта мектептері даярлық тобы болып табылды.

Курстық жұмыс кіріспеден, II бөлімнен, түйін, қорытынды, тәжірибелік ұсыныстардан, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Курстық жұмысымыздағы зерттеу нәтижелері туралы мәліметтер көрнекті түрде бейнеленген.

# I БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ 12 ЖЫЛДЫҚҚА ӨТУ МӘСЛЕЕСІНІҢ МАЗМҰНЫ

## 1.1. 12 жылдық білім беру мақсаты

12 жылдық білім беру үрдісіне көшу қажеттігін айқындап отыр. Еліміздегі жаңа білім беру реформасы 12 жылдық білім беруге көшу арқылы шығармашылықпен дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа ұлттық үлгіні жасауды, «жалпыға арналған білімнен», «білім әркімге өмір бойы» үлгісіне көшуді және әлемдік білім беру кеңістігіне жедел енуді қамтамасыз етуді мақсат етеді. [1; 15]

2008 оқу жылынан бастап 12 жылдық білім беруге кезең-кезеңмен көшуі басталды. Бүгінгі күні білім беру мазмұнын жаңартуды көздейтін Қазақстан Республикасының білім беру тұжырымдамасы жан-жақты талқыланып, Білім және ғылым министрлігінің алқа мәжілісінде мақұлданды.

Бұл тұжырымдама Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейін дамытудың стратегиялық жоспарына», «Қазақстан Республикасында білім беруді 2020 жылға дейін дамытудың мемлекеттік бағдарламасына», Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік, саяси жаңғырудың қаржылы жолында» атты Жолдауына, Болоньдегі Еуропа елдері білім министрлерінің кеңесіне, ЮНЕСКО-ның үздіксіз білім беру туралы ұсыныстарына сәйкес әзірленді.

Біздің еліміздегі қалыптасқан білім жүйесі академиялық түбегейлі деп бағаланатынын айта кетуіміз керек. Бірақ жыл асқан сайын оқу бағдарламалары бойынша 11 жылда берілетін білім көлемінің ауқымдылығы оқу жүктемесінің шектен тыс көбеюіне әкеліп, білім сапасы мен оқушылар денсаулығына кері әсерін тигізіп отыр. Қалыптасқан бұл жағдай оқушылардың оқуға ынтасын да төмендететінін тәжірибеден байқап жүрміз. Осыған орай қазіргі білім беру тәжірибесінде білім көлемін жинақтай отырып, оқу материалын жеңілдетуді, сондай-ақ құзырлылыққа жетуге бағдарланған білім мазмұнын қарастырып отыр. Бүгінгі таңдағы еліміздің білім ұйымдарының басты міндеті – баланың денсаулығына жағымды ықпал етуді көздейтін білім беру ортасын құру. Біз өмір сүріп отырған уақыт ақынғы толқынның заманына мүлдем ұқсамайды. Бала боларлығы оның жаңа тұжырымдарды түсінуі мен қабылдай білуіне, деріс таңдау жасауына, бүкіл өмір бойына өзгермелі жағдайларға тез икемделе білу қабілетіне байланысты болмақ. Осыған байланысты мұндай тұлға икемділігін бірінші кезектегі нақты талап: ойшылық, салмақтылық, белсенділік, әлеуметтік жауапкершілік, терең білімділік, кәсіби сауаттылық т.б. Бұл оқушының бойында қалыптасатын түпкілікті мақсат, міндеттерін айқындауға тікелей мұрындық болады. [2; 48]

12 жылдық мектептің басты ерекшелігі – баланың жан-жақты дамуына, өз пікірі мен ойын ашық жеткізуіне, әр адамға табиғатынан берілген шығармашылық әлеуетін толық іске асыруына ықпал ететін, өзін-өзі танып,

келешегін айқындауға саналы түрде дайын болуға, қоғамның экономикалық, мәдени, саяси өміріне бейсенді араласуға мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық институт ретінде қалыптасуында болып отыр. Оның жаңа құрылымына тоқтататын болсақ, 12 жылдық білім беру жүйесі 5+5+2 сатыларынан тұрады. Бүгінгі күні осы құрылым мен жаңа мазмұнға негізделген жалпыға міндетті білім стандарттары әзірленуде.

Бүгінгі күні әлемде жалпы білім берудің 12-жылдық мектепке арналған халықаралық стандарты қалыптасып отыр. Орта мектептегі 12-жылдық білім АҚШ, Канада, Жапония, Швеция, Францияда; Германия, Чехия, Италия, Швейцарияда – 13 жылдық; Голландияда – 14 жылдық жүйе қабылданған.

12 жылдық білім берудің негізі адамның жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыру болып табылады. Адам тұлға болып тұмайды, ол өмір сүру барысында тәрбие арқылы қалыптасады. Тұлғалық туралы адам өзін-өзі танып, өз өмірін өзі жасай бастағанда сөз ету керек. Білімді, шығармашыл, бәсекелік қабілеті мол тұлға тәрбиелеу негізінде Қазақстан Республикасында 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы жасалып отыр. 2020 жылға арналған орта жалпы білім беру орындарының құрылымы мен мазмұнын құруда республикалық эксперимент шеңберінде тәжірибелік-эксперименталды жұмыс жүргізілуде. Егер 2020 жылға бұл экспериментке 52 мектеп қатысса, олардың саны 104-ке жетті, ал ауылдық жерлерде олардың 45-і, қалалық 59 мектепті құрайды. Қазірдің өзінде 12-жылдық білім модельдерін байқаудан өткізу жөніндегі эксперименталды ұйымдар туралы оң деректер бар.

12 жылдық білім 3 сатыдан тұрады. Бірінші – бастауыш (1-4 сыныптар) сыныптардың педагогтары олардың оқуға деген ынтасын арттыруға көп көңіл бөледі, екінші – (5-10) сыныптар оқушылардың базалық білімін анықтап, қарым-қатынас мәдениетін, ғылыми әдістерді түсінуге баулу, ал үшінші – (11-12 сыныптар) болашақ мамандық таңдауды негізге алады. Бұлардан басқа да толықтыратын, өзгертетін проблемалар, 12 жылдық оқуға ауысудың басқа да әдістерін табу мәселелері толып жатыр. Осы іспеттес тапсырма дәл осы мақсатта арнайы құрылған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «12-жылдық білім мәселелерінің Республикалық ғылыми-тәжірибелік орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының құзырына берілген. [3; 19]

12 жылдық білім беру жүйесіне көшу-күрамдағы елеулі өзгерістер мен адамдар арасындағы қарым-қатынас құралдарының қарыштап дамуына байланысты жаңа адамды қалыптастыруды көздеген заман талабы. Әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың озық технологияларын қамтитын жаңа білім мазмұны шынайы жарыс, адал бәсекеге қабілетті адам тәрбиелеуді қамтамасыз етуге тиіс.

12 жылдық оқытудағы басты мақсаты

- қарқынды дамып келе жатқан ортада өмір сүруге қабілетті;
- өзін-өзі дамытуға;
- өз ойын еркін айта білуге;
- өз қалауымен күрам талабына сай өзін көрсете білуге бейім;
- жоғары білімді шығармашыл дамыған тұлғаны қалыптастыру. [4; 10]

Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамыған кезінде оқу-білімнің, соның ішінде болашағымыз-бүгінгі мектеп оқушысының білімі мен тәрбиесі маңызды мәселе. Еліміздің әлеуметтік экономикасының дамуына өзіндік үлес қоса алатын, өзіндік ой-пікірі бар, жан-жақты дамыған, білімді де білікті тұлғаны дайындап, тәрбиелеу-аса құрметті қоғамдық міндет. Себебі, ел тұтқасын жан-жақты білімді ұрпақ ұстаған шақта ғана өркендетуге алға дамымақ.

Жас ұрпаққа білім беруде, оларды болашақ еліміздің тұтқасы етіп тәрбиелеу-әр ұстаздың, әрбір мектептің ең қасиетті міндеті. Осы міндеттерді орындау мақсатында білім беру саласында да елеулі әрі ауқымды өзгерістер өрістеуде. Осы мақсатта мемлекетіміздің білім сапасын арттыратын түрлі құжаттар қабылданып, бағдарламалар енгізілуде.

Білім беруді жаңарту – үнемі алға қарай ұмтылу мен дамыту үрдісі, бұл білім беруде кезек-кезеңімен өтетін және алынған нәтижелерге сәйкес түзету енгізіліп, талданатын өзгерістер. Сонымен қатар білім беруді жаңарту үрдісі салт-дәстүрді, мәдени мұраны, жалпы ұлттық құндылықтарды көздің қарашығындай сақтауды талап ететін тұрақты жүйелерден тұрады. Сондықтан да 12 жылдық оқытуға көшуіміз жүзеге асыру – оның қажеттілігі мен тиімділігі әр педагогтың, әр ата-ананың саналы түрде түсінуін, қабылдауы мен оған белсенді түрде араласуына мүмкіндік беруді, асқан ұқыптылық пен сезімталдықты қажет ететін үрдіс.

Баланы айнараны өз бетімен танып білуге деген табиғи ұмтылысы негізінде қолданып оқытуға зерттеу тәсілін пайдалану ерекше орын алады. Зерттеуге оқытудың басты мақсаты-адамзат мәдениетінің кез-келген саласындағы іс-әрекеттің жаңа тәсілдерін баланың өз бетімен, шығармашылықпен, ментеру қабілеті мен дайындығын қалыптастыру.

Бала оқытуда зерттеу тәсілін қолданудың қажеттілігі бала болмысының білімге құмарлығымен, оның қоршаған дүниені зерделеуге деген қызығушылығымен түсіндіріледі. Оқушылардың өзіндік зерттеулері, олардың жеке қажеттіліктері сұраныстарын қанағаттандыруға септігін тигізеді. Сонымен қатар, өзіндік зерттеулер интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерді, ойлау және зерттеу біліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Өзіндік зерттеулердің көмегімен оқушылар дүниені тани келе, өздері үшін жаңа білімдерді дайын күйде алмай, өз бетімен ашады. Зерттеушілік жұмыс балалардың өз қызығушылығынан басталады.

Оқытудың іске асыру тәсілдерінің бірі-жобалар әдісі, өзіндік дидактикалық негізі бойынша шынайы өмірде, тиімді әрекет етуге мүмкіндік беретін қабілеттерді қалыптастыруды көздейтін, білім берудегі өзіндік тәсілді қолдайтын технология.

12 жылдық білім беру технологияларының ерекшелік жағы ол жеке тұлғалық қасиеттерге бағдарланған оқыту, проблемалық бағытқа және шығармашылық сипатқа ие, оның басты бағдары-білім беру, жаңа дүниені ашу мен іздену арқылы білімді іс жүзінде қолдану; баланың жалпы және арнайы қабілеттерін дамыту, білім біліктерді игеру мүмкіндіктерімен оларды қолдану жолдарын көрсетеді. [5; 35]



Сурет 1 – Балалардың психологиялық дайындық компоненттері

Қазіргі кездегі баланың интеллектісіне, дербес ойлауын дамытуға бағытталған, өз бетімен ізденуге даярлайтын жеке жұмыстар көптеп беруге болады. Балаларды мектепке дайындау, мектепке бейімделуін және оқытудың жетістігін қалтамасыз ететін маңызды құралы психологиялық дайындық компоненттері болып табылады.

Баланың жеке тұлғасының даму мәселесін шешу, оқытудың тиімділігін арттыру, балалардың мектепте оқуының дайындық деңгейін дұрыс ескере отырып, жұмыс жасау керек.

Интеллектуалды дайындық – баланың мектепке интеллектуалды дайындық компоненті оның ой - ерісін, нақты білім іррын қарастырады. Жалпы айтқанда, мектепте оқытуға интеллектуалды дайындықтың дамуы былай болады:

- Дифференциалдық қабылдау;
- Аналитикалық ойлау;
- Болжымсызға рационалды жақындау (фантазия релі);
- Есте сақтау;
- Білімге қызығушылық;
- Есті отырып сөйлеу және түсіну, әр түрлі символдарды қолдана білуі;
- Қол қимылдарының, көру, қимыл координацияларының дамуы.

Атақты психологтардың айтуы бойынша «Бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбек үстінде сондай болады» дейді. Сондықтан ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы.

Оқу процесінде ойын технологиясы ерекше орын алады. Ойын технологиясын қолдану – оқушының оқудың табылдық іс - әрекетін және қалыптас жағдайларда өз білімін қолдануға мүмкіндік береді.

Дамыта оқыту технологиясы – шығармашылық ойлауға, сапалы дамуға, қиялдауға, есте сақтау, тіл дамытуға бағытталған [6, 13]


Бұл технологияның ерекшелігі: оқушының пәрсайтқа салу, сабақ құрылымының тиімділігі, дидактикалық ойындар, өзіндік іс - әрекет қарқындылығы, сабақта әр оқушыға өзін - өзі көрсетуге мүмкіндік беретін педагогикалық жағдай құру.

Бұл технологияның бір ерекшелігі «жақсы», «жаман» оқушылар деп бөлмей, барлық баланың ой - өрісін дамыту үшін қолайлы жағдай тудыруды мақсат тұтуы.

Коммуникативті оқыту технологиясы – сабақта диалогтық және монологтық оқытудағы жағдайды жасайды. Коммуникативтік әдіс оқушылардың танымдық оқу іс - әрекетін ұйымдастырудың негізгі құралы болып табылады. Коммуникативтік әдісті қолдану кезінде қарым – қатынас дағдысы, тұлғаның адамгершілік қасиеті, өзінің ортақ мақсаты тілегіне бағына білуін қалыптастырады.

Жоғарыда көрсетілген барлық технологияларды орынды, шеберлікпен қолдана білсе, үлкен нәтижеге жетуге болатынын және жоғары дидактикалық жетістіктерді байқауға болатындығы анық. Осыған орай жеке тұлғаны жан – жақты дамытуда жеке тұлғаға бағытталған сабақ құрылымының технологиясы да, мұғалімге қойылатын талап та өзге болуы тиіс.

Жеке тұлғаға бағытталған сабақ дегеніміз – оқушыға деген құрмет, ізгі қатынас, оқушылардың тұлғалық ерекшеліктері ашып алатын, қасиеттері қалыптасатын, мүмкіндіктері жүзеге асырылатын оқыту жағдайы, «сахналық алаң». Осындай сабақты жобалау және өткізу технологиясы мұғалімді жаңа, бұрын таныс елесті көзбен позицияға қояды: әр баланың жеке даму процесіне, оның тұлғалық қалыптасуына көшенді педагогикалық бақылау жүргізетін, ол бір мәндіде пән мұғалімі де, психолог та болуы тиіс.




Сурет 2 – Жеке тұлғалық факторлар

12 жылдық білім беру жағдайында мұғалім осы компоненттерге сүйене отырып, әрбір технологияны өздік жолда әдіс – тәсілдермен ерекшелендіріп, өз өмірлік және педагогикалық тәжірибесін пайдаланып, балаларды бірлескен әрекеттерге тартудың әр алуан түрлі әдістерің өз бойында бар мүмкіндіктерін



жүзеге асыруды ықпал етсе, оқушының мінез - құлқында - мінезі, темпераменті, талабы, көзқарасы, талғалы байқалып, үнемі өзін - өзі үйретеді, өзін - өзі тәрбиелеуді, өзін - өзі дамыту, өз іс әрекеттеріне өзгеріс енгізе, алуы, өзін үнемі жетілдіріп отыруы және рефлексиялық қажеттілікті талап етеді.



Сурет 3 – Бастауыш сатыны бітірген жеке тұлға бейнесі

Балаларды сүйетін, өз ісін жетік меңгерген, психология, педагогикады терең меңгерген – жаңашыл мұғалімнің алдында білім алған бастауыш сатыны бітірген жеке тұлғаның бейнесі мынадай болуы тиіс.

## 1.2. Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы

Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру Тұжырымдамасы – жалпы орта білім беру жүйесінің мақсаты, міндеттері, ұйымдастыру ұстанымдары мен бағыттары бейнеленетін негізгі құжат болып табылады.

Бұл Тұжырымдама Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына; "Қазақстан Республикасын 2020 жылға дейін дамытудың стратегиялық жоспарына"; Қазақстан Республикасында білім беруді 2020 жылға дейін дамытудың мемлекеттік бағдарламасына; Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік, саяси жаңғырудың қарқынды жолында" атты жолдауына, Болоньдегі Еуропа елдері білім министрлерінің кеңесіне, ЮНЕСКО-ның үздіксіз білім беру туралы ұсыныстарына сәйкес әзірленді. [7; 63]

Жоғары динамикалы, жаһандану дәуірінде өмір сүру үрдісін, ойнау мен қарым-қатынасты тубегейлі өзгертетін байпаныс құралының қарқынды дамуы, сондай-ақ адамның интеллектісіне, алауқаттылығына, оның ікемділігіне, жасампаздық іс-әрекетіне қол жеткізетін тәсілдер қызамның негізгі қапталы бола бастады.

Қазақстан ығамындағы мұндай жағдайда өзекті мәселелердің бірі - өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын ғана емес, айналасындағы шынайы өмірге белсенді қатынасын байқатып, оны

жақсартуға иштал ете алатын, бәсекеге қабілетті және тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Осыған байланысты жеке тұлғаға қойылатын мынадай талаптар алдыңғы орынға шығады: креативтілік, белсенділік, әлеуметтілік жауапкершілік, ой-өрісінің көндігі, жоғары кәсіби деңгейлі сауаттылық, танымдық әрекетке қызығушылығының басымдығы.

Қазақстандық жалпы орта білім мазмұны оқушының өмірдегі құзыреттілігі үшін жеткіліксіз болып отырған әрбір оқу тәні бойынша білімі, білігі және дағдысын алу тәртібімен ғана сипатталады. Білім мазмұнының артық ақпараттылығы оқушының оқуға ынтасының төмендеуіне және денсаулығының нашарлауына себепші болады.

Мектеп бітірушінің әлеуметтік және қоғамдық өмірдегі тұрақты өзгерістерді ескере отырып, қоғам өміріне еркін енуіне дайындығын қамтамасыз ететін жалпы орта білімді дамытудың қарқынын арттыру қажеттілігін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр.

Оқушыны тұлғалық дамыту міндеттерін іске асырудағы, оның психикалық және физико-логикалық денсаулығын сақтаудағы әлеуметтендірудегі мектеп білімінің рөлін күшейтудің маңызы зор.

Тұжырымдаманың мақсаты - 12 жылдық мектеп жағдайында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру жүйесін жаңарту жолдары мен дамыту стратегиясын айқындау.

Тұжырымдаманың міндеттері:

- 12 жылдық мектептегі білім беру мақсатын, міндеттерін, құрылымын, мазмұнын және оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін ашып көрсету;

- 12 жылдық білім беруге көшудің қаржылық-экономикалық негіздемесін дайындау;

- Тұжырымдаманың күтілетін нәтижелерін анықтау.

Тұжырымдама төмендегі бөлімдерден тұрады:

- Әлемдік үрдістер мен отандық тәжірибеге сүйене отырып, 12 жылдық жалпы орта білім беруге көшудің негіздемесі.

- 12 жылдық жалпы орта білім берудің мақсаты мен күтілетін нәтижелері.

- Жалпы орта білім беру құрылымы.

- Білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі бағыттары.

- Білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері.

- Педагогикалық кадрлар.

- Білім берудің күтілетін нәтижелерін бағалау жүйесі.

- Жалпы орта білім беру жүйесін басқару.

- 12 жылдық жалпы білім беру тұжырымдамасын іске асыру жағдайлары.

Әлемдік және отандық тәжірибеге сүйене отырып, 12 жылдық жалпы орта білім беруге көшудің негіздемесі

Білім беру жүйесіндегі өзгерістерге негізделген әлемдік дамудың негізгі үрдістері мыналар болып табылады:

- қоғам дамуының қарқындылығы;

- постиндустриалдық ақпараттық қоғамға көшу, мәдениаралық өзара қатынас ауқымының кеңеюі;
- халықаралық интеграцияға, нәтижесінде шешілугі мүлкін, әлемдік проблемалардың туындауы және өсуі;
- қоғамның демократиялануы;
- экономиканың қарқынды дамуы, бәсекелестіктің өсуі;
- адам капиталы мәнінің артуы. [8; 47]

Осыған сәйкес дамыған елдердің білім беру жүйесінде білім беру философиясы мен әдіснамасын жаңарту үрдістері, білім беру мазмұнының құру әдістерінің өзгеруі, білім беру мазмұнындағы жетілдірілген модельдердің жасалуы, білім беруді басқарудың тиімді тәсілдерін іздеу және т.б. үрдістер байқалып отыр.

Оқытудың дәстүрлі өнімсіз ступін ығыстыру және оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін жаңа дамытушы, сындарлы білім беру моделіне көшу әлемдік білім берудің стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады.

Қазақстандық жалпы орта білім беретін мектеп соңғы жылдары өзінің келбетін өзгертті. Білім беруді жаңарту жүйесін қолдайтын нақты қадамдар жасалды.

Олардың ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының әзірленуі және енгізілуі, кредиттік технология негізіндегі үш сатылы жоғары білім моделінің енгізілуі, вариативті білім берудің енгізілуі, білім сапасын бағалау критерийлерін әзірлеу жөнінде жұмыстар басталды.

Бірақ қол жеткен жетістіктер адам капиталының дамуы мен орнықты экономикалық өсуді толық қамтамасыз ете алмайды.

Қазақстанның білім беру жүйесінің даму деңгейіне кері ықпал ететін мынадай факторлар қалып отыр:

- Орта білім беру жүйесінде диагностикалық мақсаттылықтың болмауы.
- Білім берудің жеке тұлғаның дамуына емес, формальды нәтижелерге бағдарлануы.
- Оқу жетістіктерін бағалауда оқушыны қызықтырмайтын, шынайылықты қамтамасыз етпейтін және қиындық тудыратын жағдайға душар ететін ескірген жүйенің сақ-талуы.
- Жасөспірімдердің тұлғалық, азаматтық және адамгершілік қасиеттерінің жеткілікті дамымауы, өзін-өзі анықтау мотивтерінің болмауы, өзіндік қызығушылығы мен болашақ жоспарын сезіну деңгейінің төмендігі.

Қазақстан қоғамының қазіргі геосаяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайы, әлемдік білім кеңістігіне кірігуі Қазақстан Республикасының жалпы орта білім жүйесін жаңғыртуды, атап айтқанда, орта білім мазмұны мен құрылымын, мақсаттарын қайта қарауды және оқыту мерзімін кеңейтуді талап етеді.

Қазіргі кезеңде 12 жылдық мектепке есептелген белгілі бір халықаралық білім беру стандарты қалыптасты.

Еуропа кеңесінің (1992 ж.) Декларациясына сәйкес 12 жылдық білім беру әлемдік білім кеңістігінде 136 елде жүзеге асырылуда.

Олардың ішінде дамыған елдерден: АҚШ., Жапония, Германия, Франция және т.б. ТМД елдерінен 12 жылдық оқыту мерзімін Беларусь, Украина, Өзбекстан және Балтық елдері таңдады.

Қазақстанның 12 жылдық білім беруге көшуі білім берудің асаң ұлттық моделін жобалаудың стратегиялық міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік береді.

### **1.3. 12 жылдық білім берудің мақсаты мен күтілетін нәтижелері**

12 жылдық білім берудің басты мақсаты: Өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және қызыретті, шығармашыл, білімді тұрғыны дамыту және қалыптастыру.

Білім берудің күтілетін нәтижелері белгіленген мақсатқа сәйкес мектеп түлегінің негізгі қызырлығы төмендегіше анықталады.

Құндылықты-бағдарлы қызыреттілік - оқушының қоршаған ортаны бірдей қабылдайтын қабілеті, жоғары әдептілік. құндылықтар негізінде жасалмас қоғам өмірінде өзіннің рөлін таба біту біліктілігі, азаматтылығы мен елқандылығы. Бұл қызыреттілік өмірдегі түрлі жағдайларда шешім қабылдай біту білігін қамтамасыз етеді. Ең бастысы, өзіннің Отаны Қазақстан патриоты болу, азаматтық белсенділігін көрсету, саяси жүйені түсіну, болып жатқан әлеуметтік жағдайларға баға бере біту.

Мәдениеттанымдық қызыреттілік - жалпы адамзаттық мәдениет жетістіктері негізіндегі іс-әрекет тәжірибесін және ортадағы дәстүрлер мен жеке, отбасылық және әлеуметтік өмірлік мәдениет негіздерін, этномәдениеттік құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерін тани біту. Адам мен қоғамның дамуындағы ғылымның рөлін түсіну. Өзі халқының мәдениеті мен әлемнің мәдени көптүрлілігін түсінуге және бағалауға мүмкіндік беретін мәдени-демалыс қызметін тиімді ұйымдастыру тәсілдерін игеру; рухани келісім мен толеранттылық идеяларына бейім болу. [9; 17]

Оқу-танымдық қызыреттілік - оқушының зерттеу әрекеті мен өзіндік оқу-танымдық процесін қамтамасыз ететін көшенді қызырлық. Бұл қызырет өзіннің білімділік қызметін ұйымдастыра білуді, тиімді жоспарлай білуді, сәйкес функционалдық сауаттылық талаптары негізіндегі білімді игеруде әлемнің ғылыми бағытын түсінуге ізденушілік - зерттеушілік әрекет дағдыларын игеруге мүмкіндік беретін өзіннің әрекетіне талдау және қорытынды жасау тәсілдерін қарастырады.

Коммуникациялық қызыреттілік - адамдармен өзара әрекеттен қарым-қатынас тәсілдерін білуді, түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдыларын, қоғамдағы түрлі әлеуметтік рөлдерді орындауды, өмірдегі нақты жағдайларда шешім қабылдау үшін байланыстың түрлі объектілерін қолдана алу білігін, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуын қарастырады.

Ақпараттық-технологиялық құзыреттілік - бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, талдай, тандай білу, өзгерте білу, сақтай білу, білім мен ақпаратты ақпараттық технологиялар мен техникалық объектілердің көмегімен жетізуді жүзеге асыра білу және интерпретациялау білігі.

Әлеуметтік еңбек құзыреттілік отбасылық, еңбек, экономикалық, саяси, қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді азаматтық-қоғамдық тәжірибе мен білімге не болуды білдіреді. Бұл құзырет әлеуметтік қоғамдық жағдайларға нақты талдау жасай білуді, шешім қабылдай білуді, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білуді қарастырады.

Тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілік. Бұл құзырет отбасылық, еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді азаматтық-қоғамдық қызмет білімі мен тәжірибесінің болуын білдіреді. Құзырет нақты әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білуді, түрлі өмірлік жағдайларда (өзінің мүмкіндігін нақты перспективалық жоспарлаумен салыстыра білу және қызметін өзіндік кадр-қасиет сезімімен ұйымдастыра білу, өзінің өмірі мен ісіне жауапты қарау) жеке және қоғам пайдасына сәйкес шешім қабылдауды және ықпал етуді қарастырады.

12 жылдық жалпы орта білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделі төмендегі ұстанымдар негізінде ұйымдастырылады:

- жеке тұлғаның жас кезеңдерінің ескерілуі;
- күтілетін нәтижелердің жетістіктеріне бағыттылығы;
- оқытудың сабақтастығы;
- әрбір оқыту сатысының даралығы.

12 жылдық білім беру жағдайында мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру деңгейі ерекше мәнге ие болып отыр. 5 жастағы балаларды мектепалды даярлау олардың психологиялық, педагогикалық, дене және физикалық талаптарын ескере отырып, бастауыш мектепке оқытуға дайындау саласының басты жағдайы ретінде жүзеге асырылуы тиіс.

1-саты:

- Жалпы орта білім беру (1-4-сыныптар)
- Оқуды бастау жасы - 6 жас
- Оқыту ұзақтығы - 4 жыл

1-сатыдағы негізгі бағдар - оқушының өзін-өзі таныту мүмкіндігі мен қоршаған ортасының шынайылығы туралы білімді игерудегі даралығын ашу, оқуға талабын және білігін қалыптастыру, яғни оқытудың келесі сатыларына қажетті танымдық қызығушылығын арттыру, кіші жастағы оқушылардың біртұтас оқу әрекетін қалыптастыруға ықпал ету.

Баланың тұлғалық қалыптасуын, оның қабілеттерінің тұтастай дамуын қамтамасыз ету. Бастауыш мектепке қажетті біліктер мен дағдыларды игеруге, оқу, жазу, санау, шығармашылықпен ойлау элементтерінің, жеке гигиенасы мен денсаулығын сақтау негіздерінің болуына ықпал ететін оқу әрекетін ұйымдастыру.

2-саты:

- Жалпы орта білім беру (5-10-сыныптар)
- Оқыту ұзақтығы - 6 жыл

2-сатының негізгі бағдары - негізгі жалпы білім алуға жағдай жасау, адамдар арасындағы және этносаралық қатынастар мәдениетін, тұлғаның біртұтас көзқарасын, өзін-өзі анықтауын қалыптастыру, тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыру тетіктерін, кәсіби және танымдық ой-пікірінің тұрғындауына, теориялық ойлау тәсілдері мен ғылыми таным әдістерін игеруіне ықпал ететін оқу әрекетін ұйымдастыру.

Негізгі мектеп оқытуды бейіндік мектепте немесе кәсіптік бастауыш және орта білім беру ұйымдарында жалғастырудың базасы болып табылады.

Бұл сатының ерекшелігі оқушының мектептегі үшінші сатыдағы бейіндік оқытуға саналы таңдау жасауға бағдар көрсететін бейіналды дайындықтың жүргізілуі болып есептеледі.

3-саты:

- Жалпы орта білім беру (11-12 сыныптар)

- Оқыту ұзақтығы - 2 жыл

Үшінші сатының бағдары - жалпы орта білім берудің соңғы кезеңі болып табылатын оқытудың саралануы мен даралануына, оқушылардың білімін жалғастыруға қатысты жеке және өмірлік өзін-өзі таңытуына ықпал ететін талабымен, қызығушылық инетімен сәйкес әлеуметтендіруге бағдарланған бейіндік оқытуды іске асыруға жағдай жасау.

Бейіндік оқыту жаратылыстану-математикалық, әлеуметтік-гуманитарлық және технологиялық бағыттар бойынша жүзеге асырылады.

Бейіндеу (профессиялизация) нысандары мектептің педагогикалық әлеуетін, білімдік инфрақұрылымының мүмкіндігін, облыстың, қаланың, ауданның сұранысын ескере отырып анықталуы тиіс.

Бейіндік оқытуды іске асыру жалпы білім беретін мектептерде, гимназияларда, лицейлерде, дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерде, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы мектептерде жүзеге асырылады.

Материалдық-техникалық жағдайдың, кадрлық әлеуеті мен оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді ескере отырып, үшінші сатыдағы бейіндік оқыту төмендегі ұйымдастыру нысандары бойынша қарастырылады:

- Бір бейінді мектеп - бір бейінді оқытуды іске асыру.

- Көп бейінді мектеп - бірнеше бейінді оқытуды ұйымдастыру.

- Жалпы білім беретін мектептердегі, гимназиялардағы, лицейлердегі дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептердегі бейінді оқыту сыныптары.

- Өңірлік ресурстық орталық - материалдық және кадрлық әлеуеті жеткілікті басқа мектептер бейіндік оқытуға пайдалана алатын ресурсы бар білім беру ұйымы. Ресурстық орталықтар ЖОО (жоғары оқу орындары), колледждер немесе білім беру орталықтары жанынан ұйымдастырылуы мүмкін. (Ауыл мектебі жағдайындағы ауылдық ресурстық орталық - айналасындағы мек-тептердің материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік және кадрлық әлеуетін кіріктіре алатын ауылда толыққанды база мен бейіндік оқытуды қамтамасыз ете алатын қуатты білім беру ұйымдарының бірлестігі.)

- Сырттай оқытатын және кешкі мектептер еліміздің ЖОО, облыстық БАИ және БҒИ ашылған бейіндік мектептер мен ресурстық орталықтардың базасында жүзеге асырылады.

Ауылдық жер жағдайында шалғай ауылдан келетін оқушылардың тұруына мынадай жағдайлар жасалады:

- ауыл оқушыларына арналған бейіндік оқытудың барлық түрі ұсынылған мектеп-интернат;

- интернат типіндегі пансионат - шағын комплексті ауыл мектептерінен келген оқушыларды тандаған бейіндеріне немесе ресурстық орталықтарына қарай аудан орталықтарындағы орта мектептерде жүзеге асырылады.

Білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі бағыттары мыналар:

- білім беру мазмұнын қоғамның қазіргі әлеуметтік-экономикалық сұранысына сәйкестендіру;

- білім беру мазмұнын ізгілендіруді, оның вариативтілігін қамтамасыз ету;

- өз бетімен білім алуға, оны практикада қолдана білуге және қажеттілікке тәрбиелеуге бағытталған, негізгі құзырлық қалыптастыруға ықпал ететін білім беру мазмұнымен қамтамасыз ету;

- тақырыптық үлгілерін қалыптастыруға бағытталған білім беру мазмұнын іріктеу;

- білім беру мазмұнын оқушының ғылыми тәсілмен тануына өз бетімен ізденуіне мақсатты және жүйелі тартуға бағдарлау;

- білім мазмұнын ұлттық мәдениетті құрметтеуге, өзге мәдени бастамаларға ашық болуға тәрбиелеуге бағдарлау.

Отандық және халықаралық мектептердің орта білім беру мазмұнын ұйымдастырудағы тәжірибесін ескере отырып, Қазақстан Республикасының білім беру мазмұны құрамына 8 білім саласы енгізілді: "Тіл және әдебиет", "Математика", "Жаратылыстану", "Қоғалтану", "Технология", "Өнер", "Денсаулықты қалыптастыру", "Адамтану".

Білім беру саласының мазмұны Мемлекеттік базистік оқу жоспарында қарастырылған пәндер арқылы іске асырылады.

Білім мазмұнына инварианттық компонент (өзінің мазмұны мен жүйесі бойынша мемлекеттік базалық білім беру стандарттарының талаптарына жауап беретін оқу бағдарламасының жалпы міндетті бөлігі) және вариативтік компонент (оқушылар мектеп ұсынған арнаулы курстардан өздерінің қалауы және таңдауы бойынша берілетін оқу жоспарының вариативті бөлігі) кіреді. Мұнда оқушының өзіндік зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға арналған "Зерттеу мәдениетінің негіздері" атты арнаулы курсы беріледі), жоғары сатыға (11-12-сыныптар) бейіндік компонент (таңдауы бойынша тереңдетіліп оқытылатын, өзінің мазмұны мен жүйесі бойынша бейіндік білім стандарттарына жауап беретін оқу пәндерінің, модульдердің, курстардың жиынтығы) кіреді. [10; 17]

Білім беру моделіндегі нәтижеге бағдарланған оқу жетістіктерін бағалау жеке оқушының, мұғалімнің, мектептің, өңірлік және ұлттық тұтас жүйенің білім беру нәтижелерін бағалауға бар-бар тәсілдерін қарастырады.

Мектептегі оқытудың нәтижелері - әрбір оқушының оқудағы күтілетін нәтижеге қол жеткізудегі табыстары, оның оқуға қатынасы мен тұлғаның тұтас даму динамикасы жан-жақты және әділ бағалауды талап етеді.

Күтілетін нәтижеге жетуді бағалау жүйесін жетілдіру бағалаудың екі жолын бірдей дамытуды қарастырады:

- білім берудің жалпыға міндетті стандартын игеру деңгейі (сыртқы нәтижелер);

- оқушының жеке тұлғалық жетістіктері (ішкі нәтижелер).

- Оқытудан күтілетін нәтижелер, игерген дағдылар, қалыптасқан құзыреттер төмендегідей бағаланады:

- жалпы білім беру дайындығы деңгейінің талаптарына сәйкес оқушының оқу жетістіктерін бақылаумен;

- білім беру салалары бойынша жалпы орта білім берудің әрбір сатыларын аяқтауы бойынша межелік және қорытынды емтихандар өткізумен;

- мектептің әрбір сатысында аралық мемлекеттік бақылау жүргізумен;

- оқытудың 10, 12 жылдың аяқтаған соң біртұтас ұлттық емтихан өткізумен;

- ұлттық масштабта мониторингті зерттеулер жүргізумен.

Әр оқушының мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының оқу нәтижелеріне жету сәйкестігін бақылау мен бағалау мақсатындағы диагностикалық зерттеулер жүргізу төмендегілердің негізінде жүзеге асырылады:

- күтілетін оқыту нәтижелерін сипаттайтын өлшеуіштерді таңдау;

- оқушының әрекет нәтижелерін сандық және сапалық көрсеткіштерімен өлшеуге арналған құралдарды әзірлеу;

- тестілік тапсырмалар, портфолио, бақылау жұмыстары, ауызша жауаптар, сондайақ оқушылармен жүргізілген сауалнама нәтижелері негізінде орындалған оқыту нәтижелерін рейтингтік бағалаудың ғылыми негізделген әдістерін әзірлеу.

Сонымен, 12 жылдық оқытуға көшу шығармашыл, зерттеуші тұлға дамытуға бағытталған жаңа үлгіден тұратын қазақстандық білім беруді жаңартудың стратегиялық міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік береді.



## II БӨЛІМ. АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА 12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЭКСПЕРИМЕНТІНІҢ БАСТАЛУЫН ТАЛДАУ

### 2.1 Білім беру жүйесінің жай-күйін талдау

Қазақстан Республикасын әлемдік қоғамдастық нарықтық экономикалы мемлекет ретінде таныды. Тәуелсіздігінің қысқа тарихи кезеңінде еліміз әлемдік қоғамдастыққа ықпалдаса отырып, экономикада айтарлықтай өсуге қол жеткізді. [11;27]

Осы орайда, қоғамдық даму деңгейінің елдің экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігінің өлшемдері ретінде білім беру жүйесінің, адам ресурстарының рөлі мен маңызы арта түседі.

Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білім беруге, одан ұтқырлықты, жаңа тарихи кезеңнің болмысына барабар әрекет етуді және экономиканың даму қажеттіктеріне сай болуды талап ете отырып әсерін тигізеді.

Жедел өзгеріп тұратын әлем және ақпарат легінің ұлғаюы жағдайында іргелі пәндік білім міндетті, бірақ ол білім берудің жеткілікті нысанасы болып табылмайды.

Оқытындар қазақстандық білім беру жүйесі бағыт алған білімнің, дағды-біліктің жиынтығын (білім үстемдігі) менгеріп қана қойылауға тиіс. Оқытындардың әліл барынша көрсете біту және қоғам өміріне пайдалы түрде қатысу үшін (құзыреттілік) ақпаратты өз бетінше табу, талдау, құрылымдау және тиімді пайдалану дағдысын бойына сіңіру әлдеқайда маңызды да күрделі.

Қазақстандық білім беру жүйесі оның әлемдік білім беру кеңістігінде лайықты орын алуына мүмкіндік бермейтін ескірген әдіснамалық базасы, құрылымы мен мазмұны жағдайында дамуын жалғастыруда.

Білім беру мазмұны фактологиялық күйінде қалып отыр және оқытындарды қоғам өміріне құзыретті, жауапты әрі шығармашылық тұрғыдан қатыстыра отырып даярлауға бағдарланбаған.

Өкірлік деңгейде білім беруді басқарудың біріздендірілген жүйесінің болмауы, білім беру бөлімдерінде мамандардың штат санының жетіспеушілігі білім беруді басқарудың тиімділігіне кері әсер етеді.

Жалпы білім беретін мектептегі реформалардың шетелдік тәжірибесі оқытудың мерзімін 12-13 жылға дейін ұзартуды, жоғары сатыдағы оқушылардың оқудағы жетістіктері мен кәсіби оқытуды сыртқы бағалау жүйесін енгізуді көздейді.

Қазақстанның жалпы орта білім беретін мектептер санының көбеюімен әрі демографиялық және кәсіп-ири процестеріне орай жекелеген өкірлерде шағын жинақталған мектептердің есуіне ықпал еткен оқушылар контингентінің азаюымен сипатталады (1-кесте).

Кесте 1 - Мектептердің өсу және көбею демографиялық процесі

Оу жылғы	Мектептер саны	Оқушылар контингенті
2007/2008	8109	3043,3
2008/2009	8171	3019,5
2009/2010	8164	3095,6
2010/2011	8260	3026,2

Республикада 4272 жалпы білім беретін шағын жинақталған мектеп жұмыс істейді (жалпы мектептер санының 52%-ы). Оларда 429,1 мың бала (жалпы оқушылар контингентінің 14,1%-ы) оқиды. ШЖМ-нің бір оқушысын оқытуға жұмсалған шығын қалыпты мектепке қарағанда (өңірлерге байланысты) 30 – 100 %-ға жоғары. [12;1]

Мектептердің тұрғын жерден алыс орналасуына байланысты 37 мың баланы тасымалдау ұйымдастырылған.

Қазіргі таңда 3687 (44,6%) қазақ тілінде оқытатын, 2069 (26,1%) қазақ және орыс тілдерінде оқытатын жалпы білім беретін мектептер жұмыс істейді. Мемлекеттік тілде оқытатын мектептердегі оқушылардың контингенті ұлғайып келеді. Егер 2007 жылы оқушылардың 52,1%-ы мемлекеттік тілде оқыған болса, ал бүгінгі таңда 54,8%-ы оқиды. Өзбек, ұйғыр, неміс, тәжік, украин және басқа да ана тілдерінде оқытатын мектептер жұмыс істейді.

Республиканың жалпы білім беретін мектептерінде 270 мыңнан астам педагог жұмыс істейді, оның ішінде 195,8 мыңның жоғары білімі, 60 мыңнан астамының кәсіптік орта білімі бар. 36,5 мың педагог жоғары санатты, 67 мыңы бірінші санатты. Шағын жинақталған мектептерде 64 мыңнан астам мұғалім жұмыс істейді.

Жалпы білім беретін мектептердің оқу процесіне оқушы-жетім балалар, тұрмысы төмен және көп балалы отбасыларындағы балалар тегін қамтамасыз етілетін 1-8 сыныптарға арналған жаңа буын оқулықтары енгізілген. Кәсіптік мектептерде (лицейлерде), колледждерде арнайы пәндер бойынша отандық оқулықтар енгізілуде.

«Білім» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижесінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультанттарының саны 27 бірлікке артты, бұл арнайы оқытуға мұқтаж балаларды анықтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Республикада 614 интернат мекемелері жұмыс істейді, оларда мемлекет есебінен 75 мыңға жуық жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, тұрмысы төмен және көп балалы отбасыларынан шыққан балалар, девиантты мінез-құлықты балалар тұрады; 18 балалар интернат-үйлері жұмыс істейді, оның ішінде біреуі дене бітімінде кемшілігі бар балаларға арналған, онда толық мемлекеттік қамқорлыққа алынған 2,8 мың бала тәрбиеленуде.

5 отбасы үлгісіндегі балалар ауыпты және 17 жасөспірімдер үйлері ашылды, онда өмір сүру жағдайы отбасына жақын Тәрбие берудің патриоттық нысаны даму үстінде.

2007 жылдан бастап мектептен тыс ұйымдардың саны 38 бірлікке, оқушыларды қамту 1,6 %-ға артты (2-кесте).

**Кесте 2 - Мектептердегі тыс ұйымдардың саны**

Оқу жылы	Мектептен тыс ұйымдардың саны	Контингент
2007/2008	568	219126
2008/2009	598	251684
2009/2010	617	266547
2010/2011	629	291545

Сонымен қатар жалпы орта білім беруде өз шешімін күткен проблемалар да анықталуда. Оқулықтар шығару тәжірибесінің, авторлар мектептерінің, толыққанды сараптаманы қамтамасыз етудің қаржылық тартын және институттардың қолдаудың жоқтығынан оқулықтардың сағасы педагогтер қауымын қанағаттандырмай отыр.

Ескіргендерді пайдалану және қазіргі заманғы оқу жинақтары мен жабдықтарының, спорт мүжаммалының (әсіресе, ауыпдық мектептерде) жоқтығы мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандарттары талаптарын толық көлемде орындауға мүмкіндік бермей отыр және балалар мен жасөспірімдер денсаулығына кері әсерін тигізеді.

Республиканың әрбір үлгінің мектебінде пән кабинеттері: химия, физика, биология, математика және т.б., мамандандырылған зертханалар мен спорт залдары жоқ.

256 мектеп авариялық жағдайда тұр. 2 мыңнан астам мектеп күрделі жөндеуге мұқтаж. Еліміз бойынша оқушы орнына тапшылық 500 мыңға жуық орынды құрайды.

Пәндік көзқарасқа негізделген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары оқушылардың өмір жолын таңдауына, мүдделері мен перспективаларын нақты белгілеуіне оң негіз бола алмайды. Жоғары сапалы оқушыларының 30%-ы ғана өздерінің қабілеттеріне сәйкес келетін кәсіптік қызметті саналы түрде таңдайды. Болашақ мектеп түлектерінің 70%-ының өзін-өзі бағалау деңгейі өте төмен және өз бетінше өмір сүруге дайын емес. Жоғары сапалы бейінді оқытудың жетіспеушілігінен еңбек нарығында мектеп бітірушілерге деген сұраныс жоқ.

Кешенді тестілеудің нәтижелері талапкерлердің білім деңгейлерінің жоғары еместігін көрсетеді.

Қанағаттанарлық емес баға алғандар үлесі 5 жыл бойы өзгеріссіз қалып отыр және олар 28-30%-ын құрайды. 2011 жылғы ұлттық бірінші ай тестілеудің (ҰБТ) нәтижелері мектеп бітірушілердің 24,2%-ы жинауға болатын 120 балдың 40 балдық ету деңгейін жинай алмағанын, оқушылардың тек 0,7%-ы 101-120 балл жинап, үздік бағаларын дәлелдегенін көрсетеді.

120 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі балалардың үштен бір бөлігі ғана түзеу ұйымдарында арнайы білім берумен қамтылған. Арнайы білім берудің нормативтік құқықтық және бағдарламалық-әдістемелік базасы, түзеу мекемелері үшін педагог кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесі жетілдіруді және жаңартуды қажет етеді.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды орталықтандырылған есепке алу жүйесі жоқ. Инклюзивтік білім беру нашар дамуда.

Педагог мамандықтары бойынша базалық даярлықты оқытындар контингенті 167 мың адамнан астам және жыпына 22 мыңнан астам мұғалім шығаратын 34 жоғары оқу орны 19 педагогикалық мамандық бойынша жүргізеді.

Педагогтерді даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы: 2009 жылғы 5655 грант пен кредиттен 2011 жылы 6075-ке дейін өсті.

Қайта даярлау және біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдердің саны өсіп келеді: 2009 жылы - 42784 мұғалім, 2010 жылы - 48157. Алайда бұл әрбір мұғалімнің біліктілігін арттыру курстарынан кемінде бес жылда бір рет өтуін міндеттейтін «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелерін іске асыру үшін жеткіліксіз, оған сәйкес жыл сайын 54000 мұғалім біліктілігін арттырудан өтуге тиіс.

Бейіндік сыныпта оқытуды, 2 сыныптан бастап шетел тілдерін, информатиканы оқытуды көздеу, кәсіптік мектептердің желісін кеңейту 28 мың педагогикалық ставканы қосымша енгізуді талап етеді.

Орта білім беру жүйесін актиратандырудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жалпы білім беретін мектептерді 100 пайызға компьютерлендіру аяқталды. Орталық коммуникациялық торап құрылып, оған Білім және ғылым министрлігінің орталық аппаратының торабы және облыстық білім департаменттерінің телекоммуникациялық тораптары қосылған. Жалпы орта білім беретін ұйымдарға арналған электрондық оқулық басылымдары мектеп пәндерінің 25%-ын құрайды. Қалыптан оқытудың спутниктік арнасына республиканың алты облысының 717 мектебі қосылған (8,7 %).

Сонымен қатар, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі - АКТ) дамыту және оларды білім беру саласында қолдану қажеттіктен әлдеқайда артта қалуда.

Қазақстанда бір компьютерге жалпы білім беретін мектептердегі 54 оқушыдан келеді, бұл ЮНЕСКО-ның деректері бойынша ТМД елдерінің арасындағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі (Ресейде - 59). Сонымен қатар 2011 жылғы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдері бойынша бұл көрсеткіш 13-ке төменді, Латвияда, Венгрияда және Чех Республикасында бұл тізімінше 5, 9 және 15-ті құрады.

Сонымен қазіргі таңда Интернет желісіне қосылуға Қазақстан мектептерінің 44%-ы ғана ирл жеткізген. Финляндияда 2010 жылы 90%-дан астам мектеп, 2011 жылы Эстония мектептерінің 100%-ы, Австралия, Канада, Исландия мектептерінің 80 %-ы, Венгрияда 58%, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдері бойынша мектептердің орташа есеппен 52%-ы Интернет желісіне шығу мүмкіндігіне ирл жеткізген.

## 2.2. Алматы қаласында 12 жылдық білім беру эксперименті

«12 жылдық білім беру экспериментінің басталуы жөнінде» ҚР БҒМ 08.08.2003ж №538 бұйрығына, [13; 538] «12 жылдық білім беруге көшудегі эксперимент жұмысының басталуы жөніндегі» Алматы қаласының білім беру басқармасының 28.08.2007ж №432 бұйрығына сәйкес нәтижеге бағытталған білім беру моделінің тәжірибесіне енгізу жұмысы басталған. [14; 432]

Мақсаты: Нәтижеге бағытталған, білім беру формасын ұйымдастыруды сынақтан өткізу.

Эксперимент объектісі: жалпы білім беретін орта мектебіндегі бастауыш білім беру жүйесі моделі.

Эксперимент базасы мен контингенті: 2010-2011 оқу жылында Алматы қаласының білім беру ұйымдары, ата-ана, оқушыларының ерісі түрде 4 эксперимент алаңы жұмысын жалғастыруда, олар: Алматы қаласының №9, №44, №7, №18 мектептер базасында өткізілуде.

Тәжірибе-эксперименттік жұмысына мектеп басшылары, педагогикалық қызметкерлер, психологтар, медицина қызметкерлері қатыстырылған.

Экспериментке барлығы 114 педагог қызметкерлер тартылған, соның ішінде -5 бастауыш сынып мұғалімдері, олардың 31 (27%) жоғарғы санатты, 56(49%) бірінші санатты, 25 (22%) екінші санатты, санатсыз 2 (2%) жас мұғалімдер.





Диаграмма 1 - Экспериментатор мұғалімдерінің сапалық құрамы

12 жылдық білім беру проблемалары бойынша 2010-2011 оқу жылының басында білім жетілдіру курсынан мұғалім-экспериментаторлардың (70 мұғалім) 61% етсе, 2010-2011 оқу жылының соңында 96 (84%) мұғалім-экспериментатор қатыстыған.

Экспериментте 22 класс-комплектісі бар, олардың 7 (32%) қазақ тілді, 15(68%) орыс тілді. Алматы қаласы бойынша экспериментте алаңында 394 оқушы білім алды, соның ішінде қазақ тілде 140 (36%) оқушы, орыс тілде 254 (64%) оқушы.

Диаграмма 2 - Экспериментке қатысушы сыныптар мен оқушылар саны



Педагогтардың оқыту қызметінің негізі болып жеке тұлғаға бағытталған оқыту және дамыта оқыту, зерттеушілік оқыту технологиясы жатады. [15; 31]

Кесте 1 - 2010-2011 оқу жылының соңында эксперименттік сыныптардың көрсеткен білім сапасы

Сынып	№18	№7	№9	№44	Барлығы	Үлгерім
4 кл	73%	76%	71%	68%	72%	100%
5 кл	82%	83%	77%	75%	79,25%	100%
6 кл	73%	71%	53,5%	67%	66,13%	100%
7 кл	64%	66%	55%	-	61,67%	100%
<b>Барлығы</b>	<b>73%</b>	<b>74%</b>	<b>64,13%</b>	<b>70%</b>	<b>69,77%</b>	<b>100%</b>

Эксперимент жағдайындағы жұмыстың жүргізілуі:

- эксперимент жағдайындағы жұмыстың жүргізілуі экспериментатор мұғалімдердің зерттеушілік дағдысын дамытады;
- бастауыш сыныптан ортаңғы буында оқушылар сәтті өтті;

- экспериментке қатысушы оқушылардың дамуы бірқалыпты және позитивті;
- оқушылардың ауытқушылық байқалмайды;
- экспериментатор мұғалімдердің жаңа технологияны тиімді пайдалануы оқушылардың психикалық тұрғыдан дамуы және бейімделуіне, денсаулығы, салауатты өмір салтының қалыптасу жағдайына мүмкіндік туғызды;
- экспериментке қатысу, белсенді ізденіс жұмыстары – мұғалімдердің кәсіби құзырлығын, зерттеушілік мәдениетін, инновациялық режимде жұмыс істеуге деген қабілетін нығайтты [16; 42]

### 2.3. Тәжірибелік-эксперименталдық жұмыстың нәтижесі

Эксперименттердің барлық категорияларын қамтитын, педагогикалық тиімділігі мен әлеуметтік әсерін айқындау мақсатында мониторингтер жүргізіледі. Республикалық және орталықтың негізінде әзірленген диагностикалық жинақ құрастырылды. [17; 20]

Диагностикалық қызметтің міндетіне:

- Оқушылардың әлеуметтік білігін, қалыптасуын, білімділік деңгейі мен бейімділік сатысы анықталды;
- Оқу-тәрбие үрдісіндегі балалардың психологиялық-физиологиялық даму ерекшеліктерін анықталды;
- Экспериментте ата-аналардың қатысу деңгейі анықталды;
- Білім мазмұнын жетілдіру мақсатында эксперименталдық мектептердегі психологиялық-педагогикалық мониторингі өткізілді;
- 12 жаппық білім беру мазмұнын жетілдіру талаптарына сәйкес оқулықтар мен ОӘКмен қамтылу деңгейі анықталды;
- Қойылған мақсатқа жету үшін қолданылатын құралдарды әсерлі бағаланды.

Эксперименттің тиімділігін арттыру бағамының бірі - оқушылардың денсаулығын сақтау болып табылады. 4-7 эксперимент сынып білім алушыларының денсаулық және салауатты өмір салты бойынша мониторингі сынып оқушыларының 318-ы (80,7%) - денсаулығы жақсы, 30 оқушы (7,6 %) - жиі ауыратын оқушылар, 46-інің (11,6%) - созылмалы аурулары бар, (11 оқушы (2,7%) – денсаулық тобына жататындар), ал мектепте оқуға жетілмеген балалар жоқ екендігін көрсетті.

Эксперимент және бақылау сыныптарындағы балалардың мектепке бейімделуі себебінен денсаулығында ауытқушылықтың жоқтығы қуанарлық жағдай. Дегенмен, тәжірибе аландарындағы оқушылардан 75 оқушы (19%) – сауықтыру іс шараларын қажетсінетін балалар.

Мектептерде жалпыға бірдей міндетті орта білім қорынан барлық оқушы тегін ыстық тамақпен, асханалық тамақпен толық қамтамасыз етілген. Қорытындысында эксперимент сыныптардың денсаулығында бақылау сыныптарына қарағанда ауытқушылық байқалмайды.

2010-2011 оқу жылында тәжірибе алаңындағы 4-сыныптар «Атамұра», «Алматыкітап» байқау оқулығымен, 5,6,7 сыныптар «Мектеп» «Атамұра», «Просвещение Казахстан», «Келешек 2030» байқау оқулықтарымен толық қамтамасыз етілді.

Алматы қаласы бойынша эксперименттік оқу бағдарламалары мен оқулықтарын талдау, сараптау жұмыстарын жүргізу үшін шығармашылық топтың жұмысы ұйымдастырылған. Эксперимент алаңдары «Мектеп», «Атамұра», «Просвещение Казахстан», «Келешек 2030» басшыларының оқулықтары мен ОӘК оқу процесінде қолданады және осы ОӘК мен оқулықтарға сараптамалар жасалды, оларды түзету мен өңдеу, жетілдіру үшін ұсыныстар «Оқулық» орталығына жіберілді (2011 жылдың қаңтар, мамыр айлары).

2011 жылы орталықтың қызметкерлері мен педагог-экспериментаторлардың құзіреттіліктерін жетілдіру мақсатында төмендегі жұмыстарға қатысуы ұйымдастырылды:

12 жылдық мектептің негізгі сатысындағы экспериментті өткізудің әдістемелік ерекшеліктері және әдіснамасы. 6-7 класс оқу материалдарын оқыту әдістемесі ОПКБА ж ҚДИ 12 жылдық білім беру мазмұнын эксперименттік енгізу жұмыстары орталығының әдіскері Р.Бактиярова, №18 мектептің эксперимент сыныптарының тарих пәнінің мұғалімі М.Арыстанов, №44 мектебінің биология пәнінің мұғалімі К.Ризуанова, №7 мектебінің эксперимент сыныптарының орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Л.Багрова.

2011 жылдың 6-8 қаңтар аралығында Алматы қаласында 12 жылдық оқытуға көшу бойынша 7-ші эксперименттік сыныптарға арналған байқау оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерінің сапа мониторингі атты республикалық семинар және оқыту курсына (ОПКБА ж ҚДИ 12 жылдық білім беру мазмұнын эксперименттік енгізу жұмыстары орталығының әдіскері Р.Бактиярова, Алматы қаласы, №18 мектебінің эксперимент сыныптарының математика пәні мұғалімі Г.Мукангалтева.

2011 жылдың 20-22 мамыры 12 жылдық оқытуға көшу бойынша 7-ші эксперименттік сыныптарға арналған байқау оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерінің сапа мониторингі. 2010-2011 оқу жылының қортындылары» (ОПКБА ж ҚДИ 12 жылдық білім беру мазмұнын эксперименттік енгізу жұмыстары орталығының әдіскері Р.Бактиярова, №18 мектебінің эксперимент сыныптарының тарих пәнінің мұғалімі М.Арыстанов, №9 мектебінің эксперимент сыныптарының қазақ тілі пәні мұғалімі А.Бекқайырова, №7 мектебінің эксперимент сыныптарының математика пәнінің мұғалімі К.Мурзабулатов.

Мұғалім-экспериментаторлардың педагогикалық басылым бестеріне озық іс-тәжірибелері жарияланып Алматы қаласының аумағына таратылды.

Республикалық педагогикалық басылымға 12 мұғалім-экспериментаторлардың «Жайық ұстазы» ақпараттық, танымдық және әдістемелік басылымға 3 мұғалім-экспериментаторлардың мақалалары жарияланса, ал «Ұстаз» журналына 5 мұғалім-экспериментаторлардың мақаласы жарияланды.



## ҚОРЫТЫНДЫ

Курстың жұмыстың қорытындылары:

1. 12 жылдық оқытуға көшу шығармашыл, зерттеуші тұлға дамытуға бағытталған жаңа үлгіден тұратын қазақстандық білім беруді жаңартудың стратегиялық міндеттерін табысты шешуге мүмкіндік береді. 12 жылдық мектептің басымдылығы, оқыту уақытының ұзақтауында ғана емес оның құрылымының, оқыту жүйесі мен мазмұнының әдістері мен өзгерістері баланың, мектептің және қоғамның жағдайын жақсартуға бағытталған.

2. Осыған сәйкес 12 жылдық эксперимент Алматы қаласының мектептерінде №7, 9, 18, 44 Білім беруді жаңарту мыналар қамтыды:

- 12 жылдық білім беру мазмұны мен құрылымын жетілдіру;
- Білім беру үрдісін ұйымдастырудың жаңа нысандарын, жаңа білім беру технологияларын, сондай-ақ білім сапасын бағалаудың жаңа нысандарын енгізу;

- Педагогикалық технологиялар мен оқытудың зерттеу әдістерінің, денсаулық сақтаушы технологиялар мен тұлғаға бағдарланған оқытудың тиімділік дәрежесін анықтау;

- Білім берудің әлемдік озық тәжірибелерге сүйеніп әзірленген оқытуда мектеп тұлғасынан күтілетін нәтиже негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуымен айқындалады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылы 25 желтоқсанындағы № 667 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартының бастауыш білім берудің мақсатын нақтылауда білім алушылардың танымдық қабілеттерін, оқу және өмірлік жағдаяттарда алған білімдерін шығармашылықпен қолдануын, түйінді және пәндік құзыреттіліктерді қалыптастыру арқылы өзін-өзі дамыту мен өзіндік басқаруды қамтамасыз етуді көздейді.

3. Құзыреттілік-оқушы әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Білім беруден күтілетін нәтиже проблеманың шешімін табу, ақпараттық, коммуникативтік деп аталатын негізгі құзыреттіліктер түрінде берілген.

Проблеманың шешімін табу құзыреттілігі анықталды:

- түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, жауапты шешім қабылдауға, өз шешімінің нәтижесін бағалауға;

- өз әрекетіне мақсат қоя білуге, жүзеге асыруға қажетті жағдайды анықтауға;

- өзіндік тұжырым жасауға, өзіндік бағалауға, өз әрекетін бағалауға

Ақпараттық құзыреттілік:

- өз бетімен мақсат қоюға және негіздеуге, осы мақсатқа жеткізетін танымдық әрекеттерін жоспарлауға және жүзеге асыруға;

- ақпаратты өз бетімен табуға, талдауға, тандауға, өңдеуге, сақтауға, интерпретациялауға және қазіргі ақпараттық, коммуникативтік технологияның көмегімен жеткізуді жазғеге асыруға.

Коммуникативтік құзыреттілік:

- өзінің көзқарасын этикет нормаларына сәйкес жеткізуге;
- жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін топта қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді;
- нақты өмірлік жағдаяттарда қазақ немесе басқа тілде ауызша немесе жазбаша түрлі коммуникативтік құралдарды қолдану.

Жеке тұлғаның құзыреттіліктерін дамыту мен қалыптастырудағы нысандар мен құбылыстарды зерттеумен байланысты өңдеу әрекетінің маңызы зор.

Бастапқы оқыту жүйесін жетілдірудің негізгі бағыты - 12 жылдық білім беру үлгісі ретінде тәжірибеге жаңа технологияларды енгізу.

Қазіргі кезде бастауыш білім беру саласында оқытудың жаңа технологияларын (оқушылардың зерттеу-жобалау іс-әрекетін ұйымдастыру әдістемесі, жеке тұлғалық қасиеттерге бағытталған оқыту) тәжірибеде қолдану 12 жылдық оқытудың негізгі бағыты болып табылады.

4. Кішікеңтай балалардың бір нәрсені зерттеуге деген талпынысы биологиялық құбылыс. Үнемі бір нәрсені зерттеуге деген талпыныс бала мінезіне тән қасиет. Ол өзін қоршаған ортаны үнемі танып білуісі келеді. Баланың бір нәрсені зерттеп білсем деген талпынысы, оны зерттеп оқу іс-әрекетіне итермелейді.

«Зерттеу арқылы оқытудың» басты мақсаты оқушыларда адам мәдениеті дамуының кез-келген сатысында атқарылатын іс-әрекетті өз беттерімен, шығармашылықпен, жаңа қабылдау қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Зерттеу ісі қазіргі кезде аясы тар мамандандырылған қызмет емес, ғылыми қызметкерлердің белгілі топтарына ғана тән емес, сондай-ақ бүгінгі заман адамның өмір сүру тәсіліне енген, кәсіби шеберлігін танытуда өзіндік көзқарасына сәйкес қызмет болып саналады.

Зерттеу мен жобалау баламен жұмыс істеу барысында жобалау әдістері мен зерттеушілікке оқыту әдістерінің пайдасын түсіне білу керек. Жобалау мен қатар, зерттеушілік жұмыстарды орындауға болады, яғни зерттеудің шынайы болжам жасаудың, олардың нәтижелерін жоспарға сай келетін тәжірибенің нақты жоспарын құруды көздейтінін ескерген жөн.

Нәтижесі туралы сөз болғанда мән беретін жағдай, зерттеу жұмысынан күтілетін нәтиже – оқушының жаңадан алған білімін шығармашылықпен игеру қабілетін; алған материалды саралау, зерттеушілік әдебинің дағдыларын дамыту.

Баланы ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады.

5. Курстық жұмысты талдауда күтілетін нәтиже:

- баланың жаңадан алған білімін шығармашылықпен игеру қабілеті;

- алынған материалды өңдеу және зерттеушілік әдебинің дағдыларын дамыту.

Егер әр оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуы қажет болса, онда баланың қабілетін түрлі әрекеттерде көрсету үшін зерттеуге дайындау қажет.

Алдымен зерттеу тақырыбын тандағанда, балаларға қызықты болатынын, сол затты көре алатындай, ұстай алатындай мүмкіндік болуы қажет. Оның мақсаты-тандалған зат бойынша жан-жақты ақпаратты жинастырып, шағын баяндама дайындайтынын алдын-ала түсіндірілуі керек. Қалай жұмыс істейміз? –деген сұрақтар туындайды. Әрине, бұл жұмыс түрі кішкентай оқушылар үшін күрделі және жаңа. Оларға ақпаратты табу үшін көптеген тәсілдер бар екенін айтып түсіндіру қажет.

Мұғалімнің ғана қолынан келетін нәрсе-ол балалардың өз пәніне деген қызығушылығын өшіріп алмай, ары қарай жалғастыруы. Яғни, ойлау қабілетінің ерекшеліктерін дамыту, таным белсенділіктерін арттыру, қызығушылығын дамыту, барлық оқушыларға берілетін тапсырмалардан ерекше, күрделі тапсырмаларды беру, көбірек ойландыру, танымдық, логикалық ойындар беру арқылы қызығушылықтарын үстемдеу, проблемалық сұрақтармен мәселелерді шешуді, өз бетімен жұмыс істеуді үйрету, зерттеуге баулу қажет.

Осыған байланысты баланы зерттеу әрекетіне дайындау, оның зерттеушілік ізденіс-білігі мен дағдыларын қалыптастыру қазіргі білім беру ісінің маңызды міндеті болып есептеледі.

Бүгінгі баланың әлемде болашағына дұрыс тандау жасап алатын, ұтымды шешім қабылдай алатын, сондай-ақ өзінің өміріндегі өзгерістер ағымына көзделі білетін қабілетіне байланысты өмір сүру тәртібі күтіп тұр. Баланың айналасы өз бетімен танып-білуге деген табиғи ұмтылысы негізінде құрылған оқытудағы зерттеу тәсілін пайдалану кіші жастағы оқушымен жұмыста ерекше орын алады.

Шығармашылық қабілетті дамыудың құралдары мен түрлі жолдарының арасында оқушының өзіндік зерттеу тәжірибесі тиімді болып табылады.

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты. Астана -2010.
2. Жексенбаева Ү.Б. «Зерттеушілік оқыту технологиясы» (Бастауыш мектепке). Алматы – 2008.
3. Жексенбаева Ү.Б. «Организация научно-исследовательской деятельности школы» . Алматы – 2009.
4. Жексенбаева Ү.Б. «Мен зерттеуге үйренемін дәптері». Алматы – 2008.
5. «12 жылдық білім беру» республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-сараптамалық журналы. Алматы – №7. 2011.
6. Т.С. Садықов 12 жылдық білім методологиясы. Алматы – 2010.
7. Республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-сараптамалық журнал «12 жылдық білім беру» Алматы – №2, 3, 5. 2011.
8. Республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-сараптамалық журнал «12 жылдық білім беру» 2010. №6,7,9
9. Республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-сараптамалық журнал «12 жылдық білім беру» 2011. №1,5,10
10. Республикалық ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-сараптамалық журнал «12 жылдық білім беру» 2011. №4,5,11
11. Әбдікерімұлы Б. 12 жылдық мектепке ету мәселесінің педагогикалық – психологиялық ерекшеліктері. Ғылыми басылым. Астана -2011.
12. Данные Агентства Республики Казахстан по Статистике.
13. «12 жылдық білім беру экспериментінің басталуы жөнінде» ҚР БҒМ 08.08 2003ж №538 бұйрығы
14. «12 жылдық білім беруге көшпудегі эксперимент жұмысының басталуы жөніндегі» Алматы қаласының білім беру басқармасының 28.08 2007ж №432 бұйрығы
15. Альмухамбетов Б.А. Модернизация деятельности методических служб на этапе перехода 12 – летнему образованию //Білімдегі жаңалықтар. – 2011. - №3
16. Усманов Ә.Ә., Сәрсенбаева М.Б. Педагогика (дәрістер жинағы). Оқу құралы. Алматы – 2011.
17. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии – М.Педагогика, 2010.

Алматы қаласының №7, 9, 18, 44 орта мектептерінің 12 жылдық эксперименталды білімге көшу үлгісі

